



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Мен кез-келген жұмысты қауіпсіз орындауға болатынына сенімдімін. Ол үшін өндіріс процесін дұрыс ұйымдастырып, тәуекелдерді алдын-ала бағалау қажет. Егер мұндай шаралар орындалмаса, сіздердің әрқайсыларыңыз жұмысты тоқтатуды талап етуге құқылысыз!

Жыл сайын 28 сәуірде Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін атап өтеді. Оны Дүниежүзілік жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық күні деп те атайды.

Мереке халықтың назарын еңбекті қорғау мәдениетіне аудару және өндірістік жарақаттануды азайту үшін құрылған. Жыл сайын әлемде өндірісте 270 миллион жазатайым оқиға орын алады. Еңбекті қорғау стандарттарын орындамау нәтижесінде жаһандық экономикаға ЖІӨ-нің 4% мөлшерінде залал келтіріледі. Ең қорқыныштысы, адамдар өліп, денсаулығынан айырылып жатады!

Ыңғайлы және жайлы еңбек жағдайлары бар қауіпсіз жұмыс орны -әрқайсымыздың құқығымыз бен міндетіміз! Осы қағидаға сүйене отырып, ХЕҰ 2023 жылды «Қауіпсіз және салауатты өндірістік орта» жылы деп жариялады.

Соңғы жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, зауытта жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыс дәстүрлі қауіптерді азайтуда тиімді болып табылады. Алайда, заманауи технологиялар мен еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары жаңа қиындықтар туғызады.

Сондықтан құрметті үлбіліктер, еңбекті қорғау барлық еңбек процестерінің ажырамас бөлігі болып табылу үшін барынша күш-жігерлеріңізді салуға шақырамын. Естеріңізде болсын, біздің әрқайсымыз жұмыс орнындағы жарақат пен апатқа қарсы күресте өз үлесімізді қоса аламыз! Ол үшін өндірістік қауіпсіздіктің барлық нұсқауларын нақты орындау қажет!

Қорытындылай келе, ҮМЗ басты құндылығы адамдар болғанын, қазір де солай екенін, және одан кейін де солай болатынын еске салғым келеді!

Сондай-ақ, бізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін мамандарға, олардың еңбегі мен ұжымға қамқорлығы үшін алғыс айтқым келеді! Оларға және біздің барлығымызға қауіпсіз және тұрақты жұмыс тілеймін!

Беларусь

**Басқарма Төрағасы
Сергей Бежецкий**